

## Шығыс Қазақстан облысы Глубокое ауданының Ертіс ауылдық округінің Прапорщиково және Уварово ауылдарының құрамдас бөліктерін қайта атау туралы

Шығыс Қазақстан облысы Глубокое ауданы Ертіс ауылдық округі әкімінің 2019 жылғы 26 желтоқсандағы № 8 шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 30 желтоқсанда № 6465 болып тіркелді

*ЗҚАИ-ның ескертпесі.*

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 08 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14-бабының 4) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабы 2-тармағына сәйкес, Шығыс Қазақстан облыстық ономастикалық комиссиясының 2018 жылғы 28 тамыздағы және 26 қарашадағы қорытындылары негізінде және халықтың пікірін ескере отырып, Ертіс ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Глубокое ауданы Ертіс ауылдық округінің Прапорщиково ауылының мына құрамдас бөліктері:

- Советская көшесі Мерей көшесі болып;
- Киров көшесі Атамекен көшесі болып;
- Ленин көшесі Отан көшесі болып;
- Октябрьская көшесі Утренняя көшесі болып қайта аталсын.

2. Глубокое ауданы Ертіс ауылдық округінің Уварово ауылының мына құрамдас бөліктері:

- Ленин көшесі Қазақстан көшесі болып;
- Советская көшесі Жаңа жол көшесі болып;
- Киров көшесі Болашақ көшесі болып қайта аталсын.

3. "Шығыс Қазақстан облысы Глубокое ауданы Ертіс ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

- 1) осы шешімнің Шығыс Қазақстан облысының әділет департаментінде тіркелуін;
- 2) осы шешімнің мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін Глубокое ауданының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялауға жолданылуын;
- 3) ресми жарияланғаннан кейін осы шешімді Глубокое ауданы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

5. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Ертіс ауылдық округінің әкімі*

*Е. Жумагулов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК